

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№ 346

2018 жылғы 10 желтоқсан

**Облыстық мәслихаттың кезекті
жиырма бесінші сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті жиырма бесінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
2. «Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №361 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.
3. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №217 «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және
бюджеттік жоспарлау басқармасының
басшысы*

4. Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер мен этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.
5. Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.
6. Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.
7. Облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелер, экология және табиғатты пайдалану жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.

8. Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.

9. «Ақтөбе облысының Құрметті азаматы» атағын беру туралы.

Хабарламашы: Н.С.Қалауов – облыс әкімі аппаратының басшысы

10. Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы №171 «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде дәрілік заттарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қосымша тегін беру туралы» шешіміне өзгерістер және толықтыру енгізу туралы.

Хабарламашы: Ә.Ә.Қалиев - денсаулық сақтау басқармасының басшысы

11. «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау Қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

12. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы.

13. «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы» облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

14. Ақтөбе облысының Қарғалы және Мұғалжар аудандарының кейбір елді мекендерін тарату туралы.

15. Ақтөбе қаласының кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелеріне атау беру және қайта атау бойынша ұсыныстар енгізу туралы.

16. Уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін, Ақтөбе облысының аумағындағы ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы

мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін айқындау бойынша ұсыныс енгізу туралы.

17. Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы.

18. Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылға арналған жұмыс жоспары туралы.

19. Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызмет автомашиналарының лимиті туралы.

20. №28 Қобда сайлау округінен депутат Х.Ж.Ілиясовтың депутаттық сауалы туралы.

21. №7 Зауыт сайлау округінен депутат Т.Ж.Талаеваның депутаттық сауалы туралы.

22. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ә. САРМАНОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА